

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті  
Қазақстан тарихы және әлеуметтік -саяси кафедрасы

# СӨЖ

Тақырыбы:

«Нарық : құрылымы, үлгілері,  
қызметтері»

Орындаған: Аманов С.А.

124топ ЖМФ

Тексерген: Кенжегулова Р.К.

# Мазмұны:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- ✓ Нарық мәні \_\_\_\_\_ 1
- ✓ Нарық құрылымы \_\_\_\_\_ 3
- ✓ Нарық түрлері, үлгілері \_\_\_\_\_ 4
- ✓ Нарықтың субъектілері мен  
инфрақұрылымы \_\_\_\_\_ 11
- Қорытынды

## Кіріспе

- Нарық қатынастарының зерттеуін экономикалық теорияның классикалық мектебі өкілдерінен іздегеніміз дұрыс. Оған Адам Смит пен Девид Рикардо жатады. Адам Смит нарықтық экономикаға барынша еркіндік беру қажет деп есептеген. Мемлекет “*Laisses faire*” – “Өзінше жүре берсін” саясатын жүргізгені абзал. Оның ойынша, адам нарықта өз пайдасын көздей отырып, қоғам мүддесіне жиірек қызмет жасайды. Еркін нарыққа бар ниетінің артуы арқасында А. Смит либерализм мектебінің көрнекті өкілі болды. К. Маркс экономикалық теорияда, нарық тепе – теңдігі мәселесін үш деңгейде қараған: микродеңгей көп салалы шарушылық. Қоғамдық шаруашылықтың ең жоғарғы көп факторлы, ұдайы өндіріс дәрежесінің деңгейі.

# Нарық мәні

- **Нарық** – белгілі жүйе әрі айырбас нәтижесі мен жағдайына немесе өндіріс факторына қарай өндірістік қатынастарды қысқарту, шаруашылық субъектілерін байланыстырушы ұйым.
- **Нарық** тауар айырбасының аясы , сатушы мен сатып алушылар арасындағы белгілі экономикалық қатынастар жүйесінің сипаттамасы.
- Нарық сатушы мен сатып алушы арасындағы тауарды өткеру жайлы қатынастар жүйесін көрсетеді.

# Нарық құрылымы

№	Ұйымдық тұрғыдағы белгісі	Құрылымдық тұрғыдан бөлу
1	Территориялық	Базар, биржа, аукцион, жәрмеңке, аймақтық нарық, ішкі нарық, әлемдік нарық.
2	Бәсекелестік сипаты пен деңгейі тұрғысынан.	Монополиялық, олигополиялық, монополиялық бәсеке, еркін, реттеуші.
3	Пропорционалдық деңгейі тұрғысынан.	Баланстанған, баланстанбаған.
4	Сапалық сипаты тұрғысынан.	Салааралық, салалық, ішкі салалық.
5	Тауарды бағыттау тұрғысынан	Азық – түліктік, азық – түліктік емес, тағамдық немесе тағамдық емес
6	Заңдылыққа сай келу тұрғысынан	Арнайы ресми, ресми емес
7	Жетілу деңгейі тұрғысынан	Дамыған нарық, қалыптасушы нарық
8	Нарық субъектісі тұрғысынан	Сатушы нарығы, тұтынушы нарығы

# Нарық түрлері, үлгілері.

- Ішкі нарық – түгел алып қарағандағы елдің ұлттық нарығы: өндіріс құрал –жабдығы нарығы, капитал нарығы, ғылыми –техникалық идея нарығы, жұмысшы күні нарығы енеді.
- Бәсекелестік сипат пен деңгейі тұрғысынан былай жіктейміз:
  - мемлекеттік нарық – бір субъектінің бағаны анықтауымен сипатталады, алайда сол тауарды шығаратын басқада субъектілер болуы мүмкін.
  - олигаполиялық нарықта азғана сатушылар іс – әрекет жасап, олардың әрқайсысы тауар бағасына әсер етуі мүмкін.
  - монополиялық бәсеке нарығы – еркін нарық (бәсекелестер көп болады ) тетігі мен өндіріс облысындағы монополияны кең жіктелген өніммен сабақтастығы .

Тауарлар мен қызметтер нарығы: тұтыну тауарларының нарықтары азық –түліктік және азық –түліктік емес тауарлар нарығы. Қызметтер нарығы тұрмыстық, коммуналдық қызметтер.

Тұрғын үй және өндірістік емес ғимараттардың нарығы.

Өндірістік факторларының нарығы:

- жылжымайтын мүліктер нарығы
- еңбек құралдарының нарығы
- шикізат пен материалдың нарығы
- қуат ресурстарының нарығы
- пайдалы қазбалар нарығы

Қаржылар нарығы

- капиталдар нарығы, немесе инвестициялық нарықтар
- несие құқықтары
- құнды қағаз нарықтары – акциялар, облигациялар, варианттар және фьючерстік, контракттардың т.б
- валюта – ақша нарықтары

- **Интеллектуалдық өнімдер нарығы** – инновациялардың , ойлап табулардың, информациялық қызметтердің, әдебиет және өнер еңбекерінің нарықтары.
- **Аймақтық нарықтар:** жергілікті, ішкі, ұлттық, сыртқы, халықаралық нарықтар.
- **Нарықтарды сегменттеу.** Нарықтың негізгі түрлері әртүрлі субнарықтарға , нарықтық сегменттерге бөлінеді. Нарықты сегменттеу тауарларға бірдей емес талаптар қоятын осы тауардың тұтынушыларын жеке –жеке топтарға бөлу болып табылады.



## Нарықтық экономиканың үлгілері

Қазіргі Қазақстанда барша шарушылық жүргізудің экономикалық жүйелік қызметтерінің нарықтық үлгісі жасалуда. Осы жағдайда нарық экономикасы жоғары дамыған елдер қолданып отырған үлгілердің ерекшелігін білу қажет. Алдымен назарымызды барлық нарықтық жүйелер және олардың даму бағыттары тәуелді болатын жағдайларға көңіл аударайық.

- Географиялық орналасу
- Табиғи ресурстардың бар болуы
- Тарихи даму жағдайлары
- Халықтың дәстүрлі, әдет ғұрпы
- Өндіргіш күштер даму дәрежесі
- Қоғамның әлеуметтік бағытталуы

Шаруашылық жүргізудің нарықтық шарттарының әр елдердің өзіне тән ерекшеліктері болады. Сонымен қатар барлық нарықтық үлгілердің ортақ көрсеткіштері болады.

- Меншіктің әр алуан формаларының болуы
- Тауарлар мен қызметкерлерге көбінесе еркін болуы
- Еркін бәсекенің дамыған жүйесі
- Кәсіпкерлік әрекеттердің кең таралуы
- Экономиканы мемлекеттік реттеудің белгілі жүйесі

Қазіргі заманда қолданылатын нарықтық бірнешесін атап өтуге болады.

**Американдық үлгі .** Бұл үлгі « капитализмнің либералдық үлгісі ». Ерекшеліктері :

- мемлекеттің экономикадағы реттеуші рөлі өте төмен. Мемлекеттің кірісуі көбінесе экономикалық дағдарыстарымен немесе , экономиканың күрт өсуімен байланысты болады.
- Кәсіпкерлікті барынша қолдау

- Халықтың бай, кедей болып әйгілі бөлінуі
- Жалақы айырмашылығының тым алшақтығы

**Жапониялық үлгі.** Осы замандағы шаруашылық жүрізу үлгісі дамудың ерекше жағдайында қалыптасқан. Әскери шығындардан бас тартып, Жапония барлық мүмкіндіктерін “БЕЙБІТ МАҚСАТҚА” яғни , өнеркәсіптің экономикалық “потенциалын” өсіруге жұмылдырылған. Осы мақсатқа жетуге көмек берген жағдайлар: Американдық және батыс Еуропалық потенттер мен лицензияларды еркінсатып алу, дүние жүзілік шикізаттар мен отын нарықтары бағаларының төмендеуі, жапониялық жұмысшы күшінің салыстырмалы арзандығы, елеулі әскери шығындардың болмауы. Жапондық үлгінің негізгі белгілері:

- Ұлттық экономиканың негізгі бағытарына мемлекет әсері өте жоғары. Алдымен мемлекет танкерлер өндіруді қолдады , содан кейін аз метражды автомашиналарды , ал XIX ғ 70ші жж. Ортасына дейін Жапония елеулі дағдарыстан аулақ болды және экономика ұнамды даму алды.

- Өзін – өзі қорғаудың дамуы мен нығайтылуының 5 жылдық жоспары жасалған. Қазір 1991-1995 жж қамтитын 8-ші бес жылдық жоспар аяқталды. “Жапондық кереметтің “ болар алдында экономиканы дағдарыстан шығарудың және тиімділігі жоғары өндірісті жасаудың 30 жылдық жоспары жасалған.
- Фирмалардың басым көпшілігі жұмысшыларды барлық өмірлік мерзімге жалдайды; жұмысшыларды ортақ іс арқылы біріктіру; жұмысшыларды басқаруға және шешім қабылдауға тарту.
- Жалақы дәреженің айырмашылықтары көп емес фирма бастығының жалақысы жабайы жұмысшылардікінен 17 есе артық.
- Үлгінің әлеуметтік бағытталуы. Әлеуметтік мәселерді шешу көбінесе корпорация мен бірлестіктере жүктелген.

## Неміс үлгісі.

Әлеуметтік экономикалық мазмұны жағынан бұл үлгі Жапониялық үлгіге ұқсас. Әлеуметтік нарық экономикасының бас идеологі Людовик Эрхард. Ол өз кітабында немістің жаңа экономикасының қызмет етуінің негізгі принциптерімен баяндайды.

Неміс үлгінің негізгі ерекшеліктері.

- Экономикаға мемлекеттің зор әсер етуі. Бұл жағдай әсіресе әлеуметтік мәселелерді шешуде байалады. Мемлекет елеуші әлеуметтік міндеттер атқарады: тегін медицина, білім және т.б.

- XX ғ 70жж басында Германияда негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге жоспарлау принципін қолдану жүзеге асырылған. Осымен қатар жұмысшылар кәсіпорын меншігінеде қатысады.

- Неміс үлгісінде, Жапониялықтай, банктер шешуші роль атқарады. Орталық банк толық автономия негізінде жұмыс істейді.

- Жапондық үлгідегідей, жалақы дәреженің айырмашылығы елеулі емес фирма бастығы мен қызметкерлер жалақысының ара қашықтығы 23 есе.

**Шведтік үлгі.** Бұл үлгі айырмашылығы:Әлеуметтік бағыталу, мүліктік теңсіздігінің төмендегі жеткілікті түрде қамтамасыз етілмегендерге қамқорлық жасау. Кейде Швед үлгісін социализмнің екінші үлгісі деп те атайды. Шведцияда өмір дәрежесі мен азаматтық құқық жақсы қамтамасыз етілген. Жұмыссыздық төмен дәрежеде.Баға белгілеуге мемлекеттік белсенді кіріседі.

**Француздық үлгі.** Бұл үлгі елеуші ерекшеліктері американдық пен неміс үлгісінің орта шамасы. Француздық үлгіде мемлекеттің реттеуші рөлі күшті.1947 жылдан бастап бес жылдық жоспарлар индикативтік жоспарлау жүзеге асырылып отыр. Бұл үлгіге мемлекеттік кәсіпкерліктің жоғарғы дәрежесі тән. Капиталдың қорлануына мемлекет белсенді қатысады.

- Оңтүстік Кореялық үлгі. Осы үлгі Оңтүстік Кореяны қысқа мерзімде алдыңғы қатарлы индустриалдық жоғарғы дамыған елге айналдырды. Бұл үлгі ерекшелігі мемлекет экономиканың дамуына өте зор әсер етеді. Экспорт мәселелері ерекше бақылауға алынған.
- Қытайлық үлгі. Қытайда экономиканы реформалау ауыл шаруашылығынан басталады. “Халық комунасын” орнына отбасы медігерлері келді. Жер пайдалануға 15 – 20,30 жылға беріледі. Шаруалар өндірілген өнімнің бір бөлігін мемлекетке тапсырады. Тағы бір бөлігі жергілікті үкімет қорларына өткізеді. Қазіргі уақытта ауылдың ілгері басуы дамуы талқыланып отыр. Реформа 1984 жылы қабылданған. Қытай ғалымдары экономикалық дамудың “аралас үлгісін” жасаған. Бұл үлгінің варианттары Венгрияда, Чехияда, Словакияда пайдаланылған болатын. Осы үлгінің мәні: нарық механизмі мемлекетке реттеу жағдайында әрекет етеді.

## Нарықтың субъектілері:

- Үй шаруашылығы материалдық (жер мен капитал ) және адами ресурстарды өткере отырып, оларды фирмаларға нарық ресурстары арқылы ұсынады. Соңғылары тауар өндірісіне қажетті сұраным ресурстарын талап етеді. Сұраным мен ұсыныстың өзара іс – әрекеті әрбір ресурс түріне нарықтық бағаны белгілейді. Үй шаруашылығы тұтыну нарығында тауарға сұраным жасай отырып, ресурстарды сатудан алынған табысты қажетті өнім мен қызмет жасауға жұмсайды. Ал фирмалар өз өнімін ескере отырып, ақшалай табыс алады. Үй шаруашылығы тапқан табыстың барлығын өнім сатып алуға жұмсайды.
- Фирмалар өндіріс ресурстарын біріктіреді және қозғалысқа келтіріп, өнім шығарады, қызмет көрсетеді және осы тауарды ұсынады. Оларды нарықта сату фирманың ақшалай табысын қалыптастырады. Үй шаруашылығы сияқты фирмаларда алынған табысты ресурстарды төлеуге толық жұмсайды. Фирмалар үй шаруашылығындай қажетті салықтарды төлейді, инвестицияны жүзеге асырады және т.б



□ Үкімет фирмалардан салық алып, жеке кәсіпорындарға дотация, субсидия береді және кәсіпкерлерден қажетті ресурстарды сатып алады. Үкімет жұмысымен қамтамасыз ету саясатын жүрізді және инфляция деңгейіне, ұлттық өнімнің қозғалысы мен құрылымына әсер етіп, шоғырландырып, үкімет жалақыны, трансферттік төлемдерді (мемлекет зейнет ақы, табыс аздарға көмек ақы, жұмыссыздарға жәрдем ақы төлейді) Құқықтық негізде қамтамасыз етіп, экономиканы тиімді дамыту үшін мемлекеттік қызмет көрсетді ұсынады. Демек, табыс пен шыңындардың шеңбер айналымы үнемі қозғалыста болып, меңгеріледі. Түпкі есепте өндірістік жалпы көлемін байқатып, тұрғандардың жұмыстылығы мен табысы көрсетіледі.

# Нарықтық инфрақұрылым

Аукциондар	Консультациялық – делдалдық фирмалар
Биржа мен брокерлік конторлар	Бизнестің коммерциялық орталықтары
Банктер	Сақтандыру және аудиторлық компаниялар
Коммерциялық орталықтар және компаниялар	Жарнамалық ақпараттық қызметтер
Мемлекеттік резервтік және сақтандыру қорлары	Складтық, элеваторлық, тоңазытқыштық және транспорттық шаруашылық
Баға мен стандартты бақылаушы мемлекеттік инспекция	Сауда үйлері
Мемлекеттік салық инспекциясы	Маркетингтік зерттеу орталықтары
Бағалы қағаздарды бақылау инспекциясы	Көтерме сауда орталықтары
Құқық қорғау органдары	Кадрларды дайындау орталықтары
Лизингтік компаниялар	Жәрмеңкелер
Кеден қызметтері	Өндірушілердің әртүрлі ассоциациясы
Тұтынушыны қорғайтын қоғам	Және басқалары

# Нарықтың қызметтері

<ul style="list-style-type: none"><li>-ұдайы өндіріс процесін үнемі қамтамсыз ететін реттеуші</li><li>- ұсынымның көлем мен құрылымының жедел өзгеруі және оның сұраным төлем қабілетіне икемделуі</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Бәсеке арқылы тиімсіз шаруашылық түрінен экономиканы сауықтыру (санациялау ) тазалау</li></ul>
<ul style="list-style-type: none"><li>- Экономикалық оқшауланған тауар өндіруші мен тұтынушылар арасын байланыстыратын буын</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Құрылымдық тұтыну, тұтынысынан (табыстың осы кездегі деңгейіне қарай ) ыңғайлы рационалды таңдауға тұтынушыны экономикалық мәжбүр ету</li></ul>
<ul style="list-style-type: none"><li>- Экономиканың жағдайы туралы объективті ақпарат көзі(барометрі, экономиканың айнасы )</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Өндірістік шығындарды төмендетуге тауар өндірушілерді экономикалық күшейту және оларды өте қажетті қоғам аясына жұмсау</li></ul>
<ul style="list-style-type: none"><li>- Тауар мен еңбектің қоғамдық маңызын анықтау және мойындаушы құрал</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Тауар өндірушіні жоғары еңбек өнімділігіне экономикалық тұрғыдан мәжбүр ету.</li></ul>

## **Қорытынды.**

**Нарығы дамыған елдер ғалымдарының пайымдауынша**

**“Таза күйінде экономиканы ұйымдастырудың әміршілдік әрі нарықтық моделі ешқашан болмайды. Олардың айтуынша , нарықтық экономикасы дамыған елдер аралас модель жасайды.**

**Сондықтанда онда жеке және қоғамдық институттар экономикалық бақылауды жүзеге асырады: жеке жүйе басқалары байқатпай нарықтық механизмді бағыттаушы , әкімшілдік реттеу мен салықты күшейту арқылы қоғамдық институттар ниеттерін жүзеге асырады.**

Нарық қоғамдық тұтыну мен өндірісті келістіруудің тиімді механизмі. Сондықтанда ол әлемдік өркениеттің басты жетістігі болып табылып, адамзат ойының математика , гендік инженерия, электроника сияқты жаңалықтармен салыстыруға болады.

“ Таңғажайып” неміс экономикасының авторы профессор Людовик Эрхард жанға әлауқаттылық “ еңбегінде былай деген: “ Нарықтық шаруашылықтан артықшылығы сол, нарықтық шарушылықта күнде. Сағат сайын икемделу процесі жүреді. Ол ұлттық өнім мен ұлттық табыстың, сұраным мен ұсынымның арақатынасын дұрыс жолға салып тепе – теңдікке келтіреді.

## Қолданылған әдебиеттер

- 1 Шеденов Ө.Қ., Сағындықов Ғ.Н., Жүнісов Б.А.,  
Байжомартов Ү.С., Комягин Б. И. Ақтөбе – 2004ж  
<< А- Полиграфия >>
- 2 Қожамқұлов Т. <<Саяси экономика негіздері >>  
Алматы 1991ж
- 3 Әубәкіров Я. <<Экономикалық теория негіздері >>  
Алматы 2005ж

A photograph of a multi-tiered waterfall cascading over dark, mossy rocks in a forest. The water is white and frothy as it falls, creating a sense of movement and energy. The surrounding trees are dark and dense, framing the waterfall. The overall scene is serene and natural.

**ТЫҢДАҒАҢДАРЫ-  
ҢЫЗҒА КӨП  
РАХМЕТ!!!**